



Біртұтас тұлғаның ертегісі

by Tolganay Zeynolla



Баяғыда, «Береке» атты бақытты ел болған. Адамдар бір-біріне мейірімді, еңбекқор, әділ еді. Бірақ бір күні елдің үстінен қара бұлт келіп, барлығы өзгеріп кетті, халық жүрегінен жылылық кетті.



Сол кезде аспаннан Айсұлтан атты кішкентай бала пайда болды. Ол жүрегі үлкен, ойы таза еді. Айсұлтан халыққа қарап, оларды қайтадан жақсылыққа шақырды.



Айсұлтан Біртұтас тәрбие еліне сапар шекті. Бірінші тау – Еңбек пен Кәсіби шеберлік тауына көтерілді. Ол жерде еңбек етуден қорықпайтын адамдармен танысып, еңбек – елдің жүрегі екенін түсінді.



Екінші тау – Тәуелсіздік пен Отаншылдық тауында көк ту желбіреп тұрды. Айсұлтан туған жерінің әр тасы мен әр гүліне сүйіспеншілікпен қарап, «Менің елім – менің мақтанышым!» деп айқайлады.



Төртінші тау – Бірлік пен Ынтымақ тауында әртүрлі ұлт балалары қол ұстасып би биледі. Айсұлтан бірлік болмаса, елдің болашағы да болмайтынын түсінді.



Айсұлтан алтыншы таудан, жасампаздық пен жаңашылдық тауынан гүл дәнін алып, еліне қайта оралды. Елде еңбек, бірлік, әділдік, жаңашылдық қайта гүлдеп, «Береке» еліндегі балалар «Біртұтас тұлға» болуды ең үлкен мақтаныш деп білді.